



Бокс жарысы
3-бет



Жарнама тілі
- сауаттылық
кепілі
4-бет



Сарғайған сар-
баз хаттары
8-бет

Аудан тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 18 (527) ЖҰМА, 27 ақпан 2015 жыл

Жаңалықтар

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Отырыста Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының 2014 жылғы жүзеге асырылу барысы, елдің Қарулы Күштерін нығайту мәселелері талқыланды, сондай-ақ, биылға арналған мейлінше өзекті міндеттер белгіленді.

Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Н.Ермекебаев ұлттық қауіп-сіздіктің ахуалы мен мемлекеттік органдардың осы саладағы қызметі туралы баяндады.

Мемлекет басшысы қабылданып жатқан шаралар арқасында ұлттық мүдделерді тиісті деңгейде сақтау қамтамасыз етіліп отырғанын атап өтті. Сонымен қатар, діни-экстремистік, террористік, сондай-ақ, жаһандық және өңірлік үрдістерден туындаған эко-номикалық сипаттағы қатерлер сақталып отыр.

Қазақстан Президенті осыған байланысты лаңкестікке қарсы қолда бар инфрақұрылымды жетілдіру қажеттігіне тоқталды.

Атап айтқанда, мемлекет терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктерді жетілдіруді жалғастырып, арнаулы бөлімдердің жабдықталуын және олардың лаңкестікке қарсы операцияларға дайындығын арттыру жөнінде шаралар қабылдайды. Түсіндіру жұмыстары азаматтарымыздың бойында экстремистік идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру ісіне бағытталады. Қабылданатын құқықтық және профилактикалық шаралар радикалдық идеяны ұстана-тындар санын қысқартуға мүмкіндік береді.

Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар елдегі және біздің негізгі сауда серіктестеріміздің нарықтарындағы экономикалық ахуалды ұдайы талдап отыруға, қажет болған жағдайда шара қабылдауға тиістігіне назар аударды.

Сонымен қатар, қалыптасқан жағдайда ішкі саяси тұрақтылықты сақтауға, әлеуметтік және еңбек қатығыстарына әкелетін себептерді жоюға айрықша назар аудару қажет. Бұл ретте еңбек және шаруашылық дауларына қатысушы барлық тараптың заңдылықты сақтауы маңызды.

Қазақстан Президенті біздің республикамыз Украинадағы ахуалды реттеу ісіне барынша күш жұмылдыруды жалғастыратынын айтты. Бұл мақсатқа жету үшін барлық дипломатиялық ресурстар пайдаланылатын болады.

Отырыста, сондай-ақ, ескери, қоғамдық, экологиялық, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты мәселелер қаралды.

Талқылау қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Үкіметке бірқатар нақты тапсырма беріп, олардың орындалуын бақылауды Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығына жүктеді.

ҚАЗАҚСТАН 2019 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ МҰНАЙ ӨНДІРУДІ 93 МЛН ТОННАҒА ЖЕТКІЗЕДІ

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы жөнінде баяндама жасап, Қазақстанның алдағы жылдардағы мұнай өндіру көлемінің көрсеткішін атады.

Ведомство басшысы ағымдағы жылдың басынан бастап мұнайға әлемдік бағаның 2 еседен аса төмендеуін және одан әрі нашарлау ықтималдығын ескере отырып, мұнайдың бір баррелінің бағасы 50, 40 және 30 АҚШ долларына дейін жеткенде және металлға баға индексінің 5,0 %-ға төмендеуі кезінде Қазақстан экономикасының даму болжамын әзірлегендігін айтты.

- Барлық үш жағдайда мұнай өндіру көлемі 2015 жылы - 80,5 млн тоннаны, 2016 жылы - 80,8 млн тоннаны, 2017 жылы - 86,0 млн тоннаны, 2018 жылы - 90,0 млн тоннаны, ал 2019 жылға қарай 93,0 млн тоннаға жететін болады деп болжануда, - деді Ерболат Асқарбекұлы.

Сонымен қатар, министрі өз мәлімдемесінде осы жылдар аралығындағы мұнай бағасының болжамы барреліне 60 доллар болуы мүмкін екендігін де атап өтті.

- Базалық сценарийде 2016-2017 жылдары мұнай бағасының бір барреліне 80 АҚШ долларынан 50 долларға дейін, ал 2018-2019 жылдарға қарай баға 60 долларға дейін төмендейді деп жоспарлануда, - деді министр.

БАҚ беттерінде

ЖҰРТ НАЗАРЫНА

2015 жылдың 1 наурызынан бастап аудан аумағында «Ұлы Жеңістің 70 жылдығына 70 күн» акциясы бастау алады. Аталған акция аудан жастарының флеш-мобымен басталады. Барлық жастарды аталған акция аясындағы іс-шараларға белсене қатысуға шақырамыз!

Жолдау жастарға жарқын жол бастайды



2014 жылдың 11 қарашасында Мемлекет басшысы – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жария еткендігі баршамазға аян. Көшбасшымыздың бұл Жолдауы біздің еліміз үшін маңызды қоғамдық-саяси оқиға болып табылады. Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отырған тұста, Мемлекет басшысы, «бұл жаһандық сынақтардан тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады» деп атап өтті.

Сонымен қатар, кеше ғана табалдырықтан аттаған жаңа жыл атаулы оқиғалар мен мерекелік күндерге толы болмақ. Ауданымызда бүгінгі күні Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мен Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл, Конституция және Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылуының 20 жылдығын салтанатты түрде мерекелеуге дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мемлекет басшысының айтуы бойынша, осы мерекелік даталар «Қазақстандықтарды рухани тұрғыда бұрынғыдан гөрі күштірек, топтасқан және бұрынғыдан да бетер тағатты (толерантты) етуі керек». Ассамблея жылы – біздің ортақ мерекеміз, бүкіл 17 миллион қазақстандықтың ісі. Әрбір азамат елімізде бейбітшілік пен келісім болуына өзінің жауапты екенін сезінуі қажет. Мен мемлекеттік тілде еркін сөйлеймін. Бородулиха қазақ орта мектебінде орыс тілінен сабақ беремін. Жуырда Ассамблеяның 20 жылдығына орай өткізілген облыстық «Достық» үйіндегі облыс жастарының басқосуына қатысып, өз ойымды білдіріп, үлкен әсермен оралдым. Еліміз достық пен ынтымақтың ортақ шаңырағы екеніне риза болдым. Бұл – Қазақстанның болашағына жол ашар кілт! Мемлекет басшысы белсенді де қайратты жастарға, еліміздің ертеңіне сеніммен қарайтын, елі үшін адал қызмет атқаратын патриот жастарға зор үміт артады.

Біздің ауданымызда ынтымағы жарасқан көп ұлттар қоян-қолтық өмір сүріп жатыр. Ауданымызда «Жастар орталығы» жастармен белсенді жұмыс атқарады. Жастар арасында түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Оларды қоғамдық іс-шараларға тарту мақсатында белсенді саясат жүргізеді. Ассамблея жылы – «Қазақстан-2050» стратегиясының мақсаттарына жету үшін, біздің жаңа биіктеріміз бен нақты істеріміздің жылы болмақ.

Биылғы жыл – ортақ тарихи тағдыры мәңгілік, жұдырықтай жұмылған халықтар бірлігінің жарқын көрсеткіші болуы керек. Бір Отан, бір тіл – Тәуелсіз Қазақстан! Сондықтан, Ассамблея жылының басты идеясы – «Менің елім -Мәңгілік Ел». Тәуелсіздік рухы, бірлік пен келісім ғана бізге күш, жігер береді. Біздің Елбасымыз бастаған Қазақстан халқының жолы – бейбітшілікке, келісімге құрылған болашаққа жетелер даму жолы! Мен, Сенат пен Мәжіліс мақұлдаған, қоғамда үлкен қолдауға ие болған Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасын қолдауға әріптестерім мен жерлестерімді шақырамын. Біз жастар, Тәуелсіз еліміз Қазақстан үшін еселі еңбек етіп еліміздің гүлденуіне бірікпесідей атсалысайық...

В. ЛАГУС,

Бородулиха қазақ орта мектебінің ұстазы

АРДАГЕРЛЕРГЕ ДАБЫЛ ТҮЙМЕСІ БАР ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАР ТАБЫСТАЛДЫ

Елбасының тапсырмасына сәйкес, Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай, ҰОС ардагерлеріне арналған «Өмір жолы» атты дабыл түймесі бар ұялы телефондар қажетті қолдау көрсету акциясы аясында Шығыс Қазақстан облысында ресми түрде бастау алды. Акцияның ресми ашылуына ШҚО әкімінің орынбасары Жақсылық Омар қатысып, жиынға қатысқан ардагерлерге дабыл түймесі бар арнайы телефондарды табыстады. Аталмыш акция бүкіл еліміз бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Самұрық - Қазына» АҚ республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі қолдауымен ұйымдастырылып отыр. Бұл телефон жай ғана байланыс құралы емес жедел электронды көмек көрсету тетігі екен. Бұл телефонда терілетін сандар көзге көрнекі болу үшін ұлғайтылған. Қолмен басқару мүмкін болмаған жағдайда дауыспен пәрмен беруге де болады. Мұнда сондай-ақ SOS дабыл түймесі, FM радио, қолшам орнатылған. Ардагер қандай бір қиындыққа душар болған жағдайда, дабыл түймесін басса жеткілікті. Ол дабыл жедел көмек көрсету орталығына сол сәтте жетеді. Жедел көмек көрсету орталығында соғыс ардагерінің барлық дерегі, туған - туыстары жайында толық ақпарат берілген. Орталықтағы оператор сол картаға қарап, дабыл түскен аумаққа жедел жәрдем жасайды. Мұндай игі іс Бородулиха ауданында да өз жалғасын тауып, 25 ақпан күні ауданымызда тұратын 16 ҰОС ардагеріне аудан әкімі Г.Ақулов, мәслихат хатшысы У.Майжанов, аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме, бөлім басшылары ардагерлерге ұзақ ғұмыр, денсаулықтарының мықты болуын тілеп, мерекелерімен құттықтап «Өмір жолы» атты ұялы телефондарды ресми түрде табыс етті.

М.АТАЕВА

ШҚО Департамент қызметкерлеріне арналған арнайы сабақтар ұйымдастырылуда

Ағымдағы жылдың басынан ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ШҚО бойынша Департаменті басшыларының бастамасымен тұрақты түрде жоғары оқу орындарының мұғалімдері мен мамандарының қатысуымен Департамент қызметкерлеріне арналған арнайы оқыту сабақтары ұйымдастырылуда. Сабақтарды ұйымдастырудың мақсаты – мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі әрі маңызды бағыттарын қызметкерлерге жете түсіндіру, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары туралы түсінікті қалыптастыру, сондай-ақ жұмыс барысында туындауы мүмкін қақтығыс жағдайларына психологиялық және әлеуметтік дағдыландыру, бейімдеу, деп хабарлайды Агенттіктің баспасөз қызметі.

Аталған оқыту сабақтары Агенттікпен қойылып отырған мақсат-міндеттерді сапалы әрі нақты орындау, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, Департаменттегі қызметіне дейін қоғамның әртүрлі салаларында қызмет еткен мамандарды жаңа жұмыс орнына бейімдеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметте мінсіз қызмет ету арқылы мемлекеттік қызметшінің «он» имиджін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, ескерту және онымен күрес жүргізудің бірыңғай әдістерін анықтау мақсатында жүргізілуде.

2015 жылдың өткен мерзімінде Қазақстан-Америкалық еркін университетінің мұғалімі Ф.В.Искандырова мен К.О.Алембаев «Этика және мүдделер қақтығысы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың заңнамалық негіздері», Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің ұстазы Столярова Э.О. «Қақтығыс жағдайларының психологиясы» және Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мұғалімі А.С.Амиргалиев «Сыбайлас жемқорлықпен күрестің негіздері» тақырыбында дәрістер өткізді.

Өскемен ақпарат орталығы

Тәрбие басы – тал бесік

«Баланы жастан» демекші, атам қазақ ежелден бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Қай елде, қай кезде болмасын бала тәрбиесі басты назарда. Бүгінгі ұрпақ – ертенгі елдің болашағы. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың хас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп шығыстың ғұламасы Әл-Фараби тегін айтпаса керек. Балаға жасынан берген тәрбие жас қайыңды игенмен бірдей. Олай болса, біз бүгінгі балаға қалай тәрбие береміз? Қазіргі таңдағы жас отбасылардың көпшілігін мазалайтын сауалдардың бірі осы. Заманның ілгері жылжуына байланысты, қазіргі уақытта көптеген ата-аналар жұмысбастылықпен бала тәрбиесіне көп көңіл бөлмейді. Ал, бала болса жылудықты ата-анадан іздейді. Балаға ата-ана тәрбиесінің орнын ештеңе толтыра алмайды.



Бала отбасына қарап үлкенге құрмет, кішіге ізет етуді үйренеді. Баланы есті, саналы етіп тәрбелеу ата-ананың парызы. Әрбір ата-ана жүктелген жауапкершіліктің маңызды екенін сезінуі керек. Қазіргі жас ата-аналардың көпшілігі халқымыздың салт-дәстүріне «ескіліктің сарқыншағы» деп мән бермейді. Балаларын қазіргі заман талабына сай етіп тәрбиелегісі келеді. Бүгінде қаптап кеткен компьютер ойындары, ұялы телефон, теледидардағы балаларға көруге болмайтын жарнамалар мен кинолар баланың тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Мектеп жасындағы оқушылардың түңгі жүрістері көбейіп, ішкілік ішіп, есірткіге еліктеуі кеудені реніш сезімін ұлатады. Сондықтан әрбір ата-ана «Бала менің болашағым, қалай өсірсем, ертен солай жемісін көремін» деп ойлануы керек. Әке-шешесі баласымен ашық сөйлесіп, жан дүниесін түсініп, баласының бойындағы өзгерістерді жіті бақылап, дөрекі сөйлемей, сұрақтарына жауап берумен бас тартпай, үнемі қарым қатынаста болса бала да ата-анасының жылулығын сезініп, жақсы тәрбие алары сөзсіз. Балаға мейірімді болу керек, бірақ жұмсақтық танытамын деп баланы төбеге көтеруге болмайды. Ата-ана баласына ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігінің ара жігін ажыратып, белгілі межесін ұқтырғаны жөн. Бала тәрбиесіне әкесі мен шешесі бірдей араласқаны дұрыс, барлығын әйел адамның мойнына жүктеп қоюға болмайды. Себебі, әкесінің әкелігін сезінбеген жігіттің жақсы әке болуы екіталай. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп қазақ халқы осыған байланысты айтса керек. «Ел болам десең, бесігінді түзе» - деп Мұхтар Әуезов атамыз айтқандай болашағы жарқын, ұрпағы өнегелі ел болу үшін балаларымыздың тәрбиесін бесіктен, кішкентай отбасы Отаны отбасынан бастайық. Бала ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі. Сондықтан да, отбасымызда балаларымызға үлгі боларлық, тәрбие берерлік іспен айналысайық!

М.ТҮЙЛЕБАЕВА

Ата Заңым – айбыным!



Осы жылы Еліміздің Конституциясына 20 жыл толады. Біздің мемлекетіміздің, халқымыздың ең ұлық мерекелерінің бірі. «Көптің сөзі- киелі», дейді дана халқымыз. Ел жұрттың талқысынан өтіп, таңдауына айналған Басты құжатымыздың авторы- бүкіл Қазақстан халқы.

Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тарихы да тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды.

Конституция мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі!

Конституцияны басшылыққа ала отырып, біз тәуелсіздігіміз бен мемлекетімізді нығайту жолында ғасырлық мәні бар ауқымды атқардық.

Біз аз уақытта айбары асқан қуатты

ұлтқа, дәулеті тасқан әлеуметті елге айналдық. Ортақ шаңырағымыздың шекарасын шегелеп, іргемізді мызғымастай етіп бекіттік. Тағдыр тоғыстырған, тарих табыстырған түрлі ұлт өкілдері Конституция қағидаттары төңірегіне топтасты. Еуразияның жүрегіне орналасқан Елордамыз әлемге руханияттың ірі орталығы, саясаттың іргелі ордасы ретінде танылды.

Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан Қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі- өнегеге айналдық. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіл-адамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды.

Конституция күнінің елдік пен егемендіктің, іргесі берік мемлекеттіліктің темір қазығына айналған әсем Астанаымыздың төрінде, «Қазақ елі» монументі орналасқан орталық алаңда өтуінің де өзіндік мәні зор.

Міне, биыл осы Конституциямызға 20 жыл толып отыр.

Жаңа Конституцияның қабылдануы Президенттік басқару нысанының ауқымында мемлекет басшысына мемлекеттік билік органдарының үйлесімді қызмет етуін қамтамасыз етуге, қоғамды түпкілікті реформалауға мүмкіндік береді. Көп ұлтты, әрі көп дінді қоғамда азаматтық татулықтың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімнің кепілі- Президенттің болуы өмірлік мәнге

ие болды. Биліктің тұрақтылығы реформаларды жүргізудің жоспарлылығын, нақтылығын және саяси сабақтастығын сақтады.

Осыншама қысқа мерзімде өз Конституциямызды қабылдағанда, бізге таң қалған ел аз болған жоқ. Біз олардың ешбіреуіне мән бермей, өлшеулі уақыт, табанды талап, шығармашылық іс- әрекеттің арқасында алға қойған мақсатымызға жеттік. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет екенін Конституциясымен бүкіл әлемге мойындатты.

Мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін талқылау және шешу кезінде әрбір құқықтық санасы жоғары азамат Конституцияда бейнеленген жауапкершілікті сезінуі қажет. Қоғамның бүгін мен болашағы үшін, жалпы алғанда өз Конституциямызды құрметтеп қорғап және маңыздылығын жоғалтпай сақтауымыз біздің, яғни әрбір Қазақстан Республикасындағы азаматтың міндеті мен парызы. Себебі, бұл Конституция Қазақстан Республикасының Ата Заңы.

Жоғарыда айтылған ойымды түйіндейтін болсам, Конституция тек мемлекеттің ғана емес, қоғамның да Ата Заңы болып табылады. Осы идеяның меншікке, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қоғамдық бірлестіктерге, отбасына және тағы басқаларға қатысы бар екендігін ұмытпауымыз керек.

Т.ҚАЛИБАЕВ

ТАУ ТЕҢДЕС ТҰЛҒА

тарихи өлкетануға қатысты ойларын және Семей жерінің әдеби



СЕРІК ӘБІЛҚАСЫМУЛЫ

Арап Еспенбетовке арналып отырған бұл мерейтойлық мақала – зерделі ғалымның көп жылғы ұстаздық еңбегіне және әсіресе, Абайтанудың көкжиегін кеңейту жолындағы орасан зор азаматтық ерлігіне деген құрметтің айғағы. Мерей той иесінің дүйім жұртшылыққа толыққанды танылуы қазір еліміздің әрқиярында жемісті еңбек етіп жатқан ғалым-шәкірттерінің өнегелі істерінен көрініс тауып отыр.

Еңбек көркі – жемісте. Және еңбек көркі сол жемісті жетілтем деген жалында. Осы жалын Арекенді бүгін Шығыс Тұранның әдеби айсбергіне айналдырып отыр.

Ұстаздық ұлағаты қай кезде мәртебелі болып саналады. Бүгінде зиялылық деген атаудың мән-мағынасын өзімізше биіктетіп алып, айналамыздан соған лайық адам таппай, тапсақ та көңіліміз қимай қалатын әдет қалыптастырдық емес пе? Бірақ бұндай пендешелікке көнбейтін жан – Арап Еспенбетов.

Біз бұл мақаламызда мерейтой иесінің әдеби-

өміріне қатысты әр кезде білдіріп отырған пікірлері көрініс тапқан мақалалары шоғырына тоқталуды жөн деп таптық. Автор «Абай мұражайы және өлкетану» атты мақаласында тек бір ғана ұлы ақынға қатысты мұражайды ғана жеке алып қоймайды, сонымен бірге Семей өңіріндегі барша мұражайларды бірлікте ала отырып, өзіндік пікірін замана талабына сай өрбітеді. Осы тұжырым былайша түйінделеді: «Ұлы ақын музейіне жинақталған кітаптар (Семей қаласындағы, Жидебайдағы) – абайтанушылар үшін аса маңызды, жан-жақты зерттеуге, жалықпай ізденуге, жүйелі еңбектенуге бағыт сілтейді ғалымдарға. Жазушы кітапханасы – қазақ ғылымдары мән бермей, көңіл бөлмей келе жатқан мәселе. Алғаш аталмыш тақырыпқа жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай барлау жасады...

...Сарыуайымға салынып, қарап отырмай Абай кітапханасы зерттеу объектісіне айналуы керек-ақ».

Арап Еспенбетов жоғарыдағы ойын жинақтай келе, одан ары екі үлкен мәселе көтереді: оның бірі – Абай оқыды-ау деген кітаптар тізімін түзу және Абай заманын көз алдымызға әкелетін түрлі салаларға қатысты әдебиеттерді анықтау.

Ғалым тек қана Абайдың ақындық айналасына қатысты мәселелердің табиғатын ашумен ғана шектеліп қалмайды. Сонымен бірге Абайтануға әр кезеңде өз үлесін қосқан тұлғаларды да назарынан тыс қалдырмайды. Оған дәлел біз аз-кем сөз еткелі отырған «Алаш арыстарының Абайтануға қосқан үлесі» және «Әбіш Жиреншин – Абайтанудың көрнекті өкілі» атты қос мақаласы.

Және автордың «Алаш арыстарының Абайтануға қосқан үлесі» мақаласы өзінің тың ойларымен құнды. Осы мақалада ғылымдағы жандар өз зерттеуінде қаперге бірталай дүниелер сөз етіледі. Енді солардың кейбірін тізбектей кетейік. Ғалым Абайтанудың бастау көзінде де бұрын сөз етіп, ойын бүкпей айтып келсе, енді сол ойларын қағаз бетіне түсіруі осы мақаласынан аңғарамыз. «Ұлттың ұйытқысын қапысыз атқарған алаштың арыстары сонау өткен ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ, Абай шығармаларын алыстан аңғарып, жете танып, қасиетті қазынасына айналдырып үлгерді» Ә.Бөкейханов, дей келе, сынды біртуар тұлғалардың Абайтануға сіңірген еңбектерін тарқата сөз ете келе, деп түйіндейді.

(жалғасы көлемінде)

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК

ШЕШІМНІҢ ЖОБАСЫ

Бородулиха ауданының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 8 бабы 2 тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 13) тармақшасына сәйкес, Бородулиха аудандық мәслихаты

ШЕШТІ:

1. Бородулиха ауданының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

У. МАЙЖАНОВ

IV	Бака а/о: Коростели ауылы, Тарск ауылы, Аул ст., Подборный а/о: Романовка ауылы, Петропавловка а/о: Изатулла ауылы, Мещанка ауылы, Воскресеновка ауылы, Зубар а/о: Байтанат ауылы, Жаңа ауыл ауылы, Белагаш а/о: Бекова ауылы, Переменовка а/о: Орловка ауылы, Ремки ауылы, Андроновка ауылы, Жерновка а/о: Пол-Лог ауылы, Боровлянка ауылы, Новошұлыба а/о: Ключики ауылы, Солоновка ауылы, Поталенково ауылы, Пролетарка ауылы, Таврия а/о: Буркотово ауылы, Кондратьевка ауылы, Сахновка ауылы, Красный Яр а/о: Красный Яр ауылы, Речное ауылы, Ленинский а/о: Песчанка ауылы, Мурзово ауылы, Екінші Пятитетка ауылы, Алексеевка ауылы, Ново-Васильевка ауылы.	1,0
V	Таврия а/о: Богомоолово ауылы, Красный Яр а/о: Уба-Форпост ауылы, Девятка ауылы.	0,8

**Бородулиха аудандық мәслихатының
2015 жылғы «__» _____ № ____
шешіміне 2 қосымша**

**БОРОДУЛИХА АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ
ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ ҮШІН БАҒАЛАУ
АЙМАҚТАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ ЖӘНЕ
ТӨЛЕМАҚЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ СТАВКАЛАРЫ-
НА ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ**

Аймақтардың нөмірі	Аймаққа кіретін кадастрлық тоқсанның атауы, нөмірі	Жер учаскесінің үшін төлемакының базалық ставкасына түзету коэффициенті
I	05-241-008 (бұрынғы Пушкин атындағы ұжымшар) 05-241-023 (бұрынғы ауыл шаруашылық тәжірибелі станциясы) 05-241-034 (бұрынғы «Звезда Ильича» ұжымшар)	1,6
II	05-241-012 (бұрынғы Новопокровка техникум кеншар) 05-241-014 (бұрынғы «Казхастанская правда» газеті атындағы ұжымшар) 05-241-018 (бұрынғы «Прогресс» ұжымшар) 05-241-019 (бұрынғы «Память Ленина» ұжымшар) 05-241-019 (бұрынғы «Память Ленина» ұжымшар Белағаш учаскесі) 05-241-021 (бұрынғы «Красное Знамя» ұжымшар) 05-241-025 (бұрынғы «Путь к коммунизму» ұжымшар) 05-241-036 (бұрынғы «Заря» ұжымшар)	1,4
III	05-241-016 (бұрынғы «Социалистік Қазақстан» газеті атындағы ұжымшар) 05-241-028 (бұрынғы Энгельс атындағы кеншар) 05-241-029 (бұрынғы «Бороудинский» кеншар) 05-241-038 (бұрынғы Ленин атындағы ұжымшар) 05-241-042 (бұрынғы Киров атындағы ұжымшар) 05-241-043 (бұрынғы «Красный партизан» ұжымшар) 05-241-044 (бұрынғы ан есіру шаруашылығы)	1,2
IV	05-241-025 (бұрынғы полхоз «Березовский») 05-241-046 (бұрынғы «Красный Казахстан» кеншар) 05-241-048 (бұрынғы «Заря Коммунизма» ұжымшар) 05-241-053 (бұрынғы Ленин атындағы кеншар)	1,0
V	05-241-005 (бұрынғы «Коростевский» кеншар) 05-241-008 (бұрынғы Пушкин атындағы ұжымшар Васильевский және Жожаңқұл учаскесі) 05-241-012 (бұрынғы Новопокровка техникум кеншар Коростели учаскесі) 05-241-016 (бұрынғы «Социалистік Қазақстан» газеті атындағы ұжымшар череполовский учаскесі) 05-241-019 (бұрынғы «Память Ленина» ұжымшар Комаровский учаскесі) 05-241-021 (бұрынғы «Красное Знамя» ұжымшар Комаровский учаскесі) 05-241-025 (бұрынғы «Путь к коммунизму» ұжымшар Маралбай учаскесі) 05-241-054 (РСХО «Новошуйбінское») 05-241-050 (бұрынғы Калинин атындағы ұжымшар)	0,8

Мамандардан кеңес:

"ҰБТ-ҒА КІРЕРДЕ ВАЛЕРЬЯНКА ІШКЕН ДҰРЫС ПА?"

Келе жатқан көктеммен көңіліміз жадырап, романтиканың құшағында жүрсеңей әсерсе бөленеміз. Ай оқушылар мен студенттер бұл уақытта тәуліктің көп уақытын дайындыққа арнайды. Кино кейіпкері секілді «Экзамен – біз үшін мереке» деп барлығы айта бермейді. Мұның себебі де бар.

ҰБТ кезінде қалай жинақталамыз? Ол жүйке жүйесі мен ағзаға қалай әсер етеді? Барлығын жас ағза өзі реттей ме, әлде дәрі-дәрмек ішкеніміз жөн бе? Осы секілді сұрақтарға психолог мамандар мен дәрігерлер жауап берді.

Қысқа уақыт ішінде көп ақпаратты қалай игеруге болады?

Әркім қоршаған орта құбылыстарын түрліше қабылдайды. Сол себепті, біреу есте сақтау үшін көзбен көруді, енді бірі естуді жөн көреді. Ал біреулер үшін ойша елестетудің өзі жеткілікті. Ақпаратты көзбен көру арқылы есте сақтайтын адамдар аяғын жерге бір тигізіп, бір көтеріп отырып жаттағандары дұрыс. Бірақ, кез келген жағдайда материалды қайталап отыру керек. Біздің миымыз күрделі жүйе десек те болады. Мұнымен қатар, материалды жаттау уақыты да

Ә. БОЗАЕВ

НҰРЛЫ ЖОЛ -

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

КӨЛІКТІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ


ҚАЗАҚСТАНДА САЛЫНЫП ЖАТҚАН ЖӘНЕ ЖӨНДЕЛІП ЖАТҚАН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ



ҚАЗАҚСТАНДА КЕЛЕСІ ӘУЕ КОМПАНИЯЛАРЫ
ТҰРАҚТЫ РЕЙСТЕР ОРЫНДАЙДЫ:



ӘУЕ ЖЕЛДІЛЕРІ



бірдей болуы керек.

ҰБТ алдында валерьянка ішкен дұрыс па? Неге?

ҰБТ кезінде адам барынша жинақталып, назарын тест кітапшасына ғана бағыттауы керек. Ал валерьянка ағзаға өзгеше әсер береді. Осы секілді кез келген тынышталдыратын дәрі кері әсерін тигізеді.

ҮБТ-дан қорықсаңыз, бар ойыңызды соған бағыттауыңыз керек. Қалай? Ең алдымен, "ҮБТ" сөзін естіген кездегі қорқыныштан арылыңыз. Бұл үшін оны санаңызға жақсылап сіңдіруіңіз керек. Мысалы, сабақта ұстаздың сұрағына жауап бердім – кішігірім экзамен тапсырдым, ата-анаммен арадағы киікіліңді реттедім – тағы бір мәрте экзамен тапсырдым. Екіншіден, ҮБТ-дан не себепті қорқатыныңызды анықтаңыз. Егер бар себеп дайындығыңыздың нашар екенінде болса, шығар жол біреу ғана. Ол – сабақ оқу, ҮБТ-ға сакадай сай болып дайындалу. Ал ҮБТ тапсырып отырған кезде материалдарды ұмытып қалуым мүмкін десеңіз, мұны да өткеріңіз. Көп жылдан бері экстримді жақсы көретін адамдар бойтұмар көмегіне жүгінеді. Осы сияқты көп оқушы мен студенттер өзіне бойтұмар ойлап табады. Мысалы, оқушы бақылау жұмысын немесе диктант жазар кезде бір ғана қалайды пайдалануы мүмкін. Енді бірі әркез бірдей киім киіп барады. Бойтұмар ойлап табу – өзімізге деген сенімсіздік емес, керісінше психологиялық көмек. Бойтұмарды дұрыс таңдау арқылы бойымызға өзімізге деген сенімділікті арттырып, жылдам жинақталып аламыз.

Дайындаған: Ә. СҰЛТАНОВ

Былғары қолғап



17 - 21 ақпан аралығында Аягөз қаласында бокстан 2001 - 2002 жылы туылған жасөспірімдер арасында ШҚО чемпионаты өтті.

Бұл чемпионат 13 - 17 наурыз аралығында Ақмола облысы, Степногорск қаласында өтетін Қазақстан Республикасының аймақтық жарысына іріктеу болды.

Чемпионатқа ауданымыздың жас боксшылары қатысып қайтты.

Ерболат Сүлейменов пен Қасым Оразбаевтің шәкірттері жақсы жетістіктерге қол жеткізді. 32 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Манат Қайратов және 63 келі бойынша шаршы алаңға шыққан Артем Востриков барлық қарсыластарын жеңіп, алтыннан алқа тақты.

Манат пен Артем Қазақстан Республикасының аймақтық жарысына жолдама алды. Енді олар Аягөз қаласында өтетін дайындыққа аттанады. Жас боксшылардың алдағы үлкен жарыста жеңіс тұғырынан көрінулеріне тілектеспіз.

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

АУДАНДЫҚ КІТАПХАНА
КҮНДЕЛІГІНЕН

19 ақпанда аудандық кітапханада «Жарнама тілі - сауаттылық кепілі» айлығының аясында ашық диктант өтті. Қазақ хандығының 550 жылдығына және Ш.Уәлихановтың туғанына 180 жыл толуына байланысты диктантқа «Шоқан Уәлиханов казактар туралы» деген тақырып алынды.

Кітапханада «Менің өлкем - менің Отаным» атты облыстық өлкетану байқауының қортындысы шығарылып, оған қатысқан көп салалы кәсіптік колледждің 2-курс студенттері мен кітапхана қызметкерлері арасында марапаттау рәсімі өтті.

Аудандық кітапхана және Новопокровка, Жаңашүлбі кітапханалары осы байқауға 7 жоба ұсынған.

«Жеке тұлға тарихы» жобасы

жерлесіміз, спортшы Василий Ярков жайлы болды. Бұл жұмысты әзірлеген Новопокровка ауылдық округі Ардагерлер кеңесінің төрағасы, зейнеткер Яровой Николай Иванович.

«Менің шежірем» жобасын Н.Островский атындағы орта мектептің 4 «б» сынып оқушысы Абдрахманов Раиль дайындаған. Ол ҰОС-қа қатысқан аталары жайлы тұсаукесер өткізді.

«Менің Отаным» тақырыбында 3 жоба ұсынылды:

Новопокровка кітапханасының оқырманы Алябьева Анна Николаевна «Туған өлкем» атауымен Новопокровка ауылының тарихы жайлы материал әзірледі.

Көп салалы колледждің 2-курс студенті Левченко Валерия «Аз танымал жерлес ақындарымыздың шығармашылығы» тақырыбында Бородулиха ауылының әлі танылмаған ақындары жайлы жоба жасады. Абай атындағы орта мектептің 3-сынып оқушысы Қадірова Дінназ «Менің көшем» атауымен Бородулиха ауылының Әуезов атындағы көшесі жайлы жоба ұсынды.

Бородулиха көп салалы колледжінің орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Скворцова Людмила Леонидовна, бастауыш сынып мұғалімі Запорощенко Светлана Викторовна, Абдрахманова Джамиля Мендығалиевна және кітапхана қызметкерлері Стародубцева Мария Геннадьевна мен Әбенаева Әйгерім Ерланқызы аталған жобалар бойынша жетекшілік жасады. Байқауға қатысушылардың барлығы А.Пушкин атындағы облыстық кітапхананың дипломдарымен және аудандық кітапхананың алғыс хаттарымен марапатталды.

Т.РЫНДЫЧ, кітапханашы

КІРІКТІРІЛГЕН
САБАҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

**Ғалым да, шахтер де бас иетін,
Ұстазым, бар сенің қасиетің.
Білім берген, ой берген, ақыл берген,
Көз алдымнан кетпейді сенің бейің.**

Қытай философиясында: «Маған жәй айтсаң – ұмытамын, көрсетсең – есімде сақтаймын, ал өзімді іс-әрекетке қатыстырсаң – үйренемін», -деген дана сөзінен білім алушының ынтасы жоғары екенін көріп отырмыз. Бұл күнде білім алушының жоғары ынтасына сай ұстаз барма?

Шындығында, мұғалім барлық мамандықтың иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін абзал жан. «Мұғалім – барлық мамандықтың анасы» деп қалай дәл тауып айтқан. Ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Осы құрметке лайық болу үшін, біз ұстаздар қауымы әрқашан тынбай еңбек етуіміз керек. Нақтырақ айтатын болсақ, жаңа заман талабына сай әрекеттер жасай білуіміз қажет.

Әр сабақтың өткізілу әдіс-тәсілдері мен формасына сай оқушылардың алған білімдерін саралауға болады. Оқушылардың білімдерін жоғарылату мақсатында «Физика, математика, информатика» апталығына сәйкестендіріп, математика пәні мұғалімі Сұлтанғазина Ләйла Байзеноғалиқызы мен біріге кіріктірілген сабақ өткіздік. Мұндай сабақ өткізудегі мақсатымыз өзара пәнаралық байланысты қалыптастыра отырып, оқушыларды жан-жақты ізденуге тәрбиелеу болды. Физика пәні бойынша «Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау»

тақырыбы болса, математика пәнінен «Параллель түзулер» тақырыбына сәйкестендіре отырып сабақты барынша қызықты етіп өткізуге тырыстық. Сабақ басында Ләйла Байзеноғалиқызы жаратылыстану ғылымдарының өзара байланысы, қоғамдық маңызы туралы айтып өтті. Осы орайда үй тапсырмасын тексеру мақсатында әр түрлі жазба жұмыстарын ұсындық. Келесі кезекте жаңа өтілетін тақырып бойынша өткізгіштерді тізбектей жалғауды түсіндіре отырып, тәжірибе барысында көрсеттім. Өткізгіштерді жалғаудың екінші түрі параллель жалғауды түсіндірмес бұрын оқушылардың параллель түзулер туралы түсініктерін қалыптастыруды математика пәні мұғалімі жүзеге асырды. Жалпы алғанда бұл өткізілген сабақ тек физика мен математика пәнінің кіріктірілген сабағы деп айту аз. Себебі, сабақ барысында тарих пәнінде қолданатын әлем картасы, география пәнінде қолданатын глобусты пайдалануды жөн көрдік. Сонымен қатар, оқушылардың өз білімдеріне сәйкес қазақ тілі, орыс тілі пәндерінде қолданатын параллель сызықтарды қоса айтып өтті.

Күнделікті тұрмыспен байланыстыра отырып, түсіндірілген сабақ әр оқушының есінде қалары анық. Жоғарыда айтып өткендей оқушыларды іс-әрекетке қатыстыра отырып, олардың практикада білімдерін дамыту да ескердік. Сынып оқушыларын екі топқа бөле отырып, құрал-жабдықтармен жұмыс жасаттық. Бұл әрекетте оң шешімін тауып, барлық оқушылардың алға қойған мақсаттары, қыздыру шамын жағу, өз мақсаттарына жете алды. Осындай оқушылардың сабақ барысында алған білімдерін пысықтау үшін геометриялық фигуралардың қабырғаларына параллель сызықтар жүргізуге

ЖҰРТ НАЗАРЫНА

Құрметті азаматтар! Сіздердің назарларыңызға ШҚО барлық прокуратура органдары қызметкерлерінің құқық бұзушылықтарының, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда
Өскемен қаласы, Пермитина көшесі, 21 мекен-жайы бойынша орналасқан облыстық прокуратураға немесе 8 (7232) 26-48-02 ішкі қауіпсіздікті сақтау сенім телефоны- ны хабарласуыңызды сұраймыз
ШҚО прокуроры Б.ТАИМБЕТОВ

болатынын тексере отырып, есептер шығарылды. Геометрия пәнінде жиі қолданылатын кубиктерге екі пән бойынша сұрақтар жаза отырып, парта үстіне лақтыра отырып сұрақ-жауап ойынын жүргізді. Әрине, әр сабақ барысында жүргізуге болатын «еркін микрофон» ойынын ойнаттық. Ойын шартына сай барлық сынып оқушылары өзара шеңбер құра тұрып, өткізілген сабақтан жекелеп не үйренгендерін, не білгендерін айтып беруге тиіс болатын. Осы ойынды өткізудегі мақсатымыз – оқушылардың алған білімдерін тексеру, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту болды. Сабақ соңында оқушылар тактада ілулі тұрған координата осіне өздерінің алған білімдерін нақтылап көрсетті.

Кіріктірілген сабақтың бүгінгі күнде маңызы зор. Себебі біз, ұстаздар қауымы, қаншалықты сабақ барысын қызықты, жан-жақты қылып өткізсек, оқушылардың да білімдері соған сай болары анық. Осындай сабақтардың арқасында оқушылардың дүниетанымын, ойлау қабілетін жоғарылатамыз деген ойдамын.

Мен үшін, бұл өткізілген сабақтың маңызы зор болды. Көп жылдық тәжірибесі бар, жоғары санатты ұстазбен кіріктірілген сабақ өткізе отырып, өзіме мол тәжірибе жинадым. Менің ұстаздық жолды таңдап, сол жолда жасаған алғаш қадамыма бұл сабақтың берері көп.

Біз, ұстаздар қауымы, өз мамандығымыздың халыққа қажет екендігін сезінгенде, бұл мамандықты текке таңдамағанымызға риза боламыз.

Л.СҰЛТАНҒАЗИНА, Н.МАМЕТЕКОВА,
Переменовка орта мектебі

ЖОЛДАҒЫ ОҚИҒА

(шынайы әңгіме)

СҰЛТАНОВ ӘЛІБЕК

Көркі мен көздің жауын алатын, орман ішінде орналасқан Бородулиха деп аталатын аудан Семей қаласынан 60 шақырым жерде орналасқан. Осы бір ғаламат ауданға келіп, журналист қызметін атқарғаным 5 жылдың жүзі де болып қалыпты. “Заманың түлкі болса, артынан тазы болып шал” демекші, өмірдің қызығын қуып, бір жылдың қалай өткенін де білмей қалыппын. Өзімнің жанұям Семей қаласында өмір сүргендіктен жұмыс күндері біткен соң, сенбі, жексенбі күндері үйге барып тұратынмын. Әдетімше, жұмыстан соң ыңғайланып, машинамен Семей қаласына жолға шықтым...

Жаңа ғана ала бұлттанған аспан беті кенет қатты соққан желдің әсерімен, көкжиектен жыртұла айырылып, желмен көшкен қою бұлт аспанды жаулап, даланы қараңғылай берді. Бір мезгілде жапалақтап қар жауа бастады. Желмен бірге ұшқындаған қар, алдыны борап түк көрсетпейді. Жүрісім ақырындай берді. Бұл жағдай мені әрине қуанта қоймады. Ашуға булығып, өз-өзімді әзер ұстап келемін. Семей мен ауданның екі ортасын темір жол бөліп жатыр. Сол жерге кішкене тоқтап, енді жүре бергенімде, кенет алдымнан қолдарында сумкалары бар 3-4 бала

жүгіріп шыға келді. Олар жол бойына асыға жетті де, тоңып қалған болуы керек, дірдектеген қолдарын көтеріп, алдымнан тұра қалысты. Жолдың нашарлығына зықым шығып, өзім күйіп келе жатқанда, балалардың мына тұрысы ашуымды одан сайын келтірді. Ашуға булыққан күйі тоқтамай өте шықтым. Тосыннан кездескен машинаға күмәнсіз-ақ отырамыз деп, зор үмітте тұрған балалардың “мұнысы несі” дегендей, қосыла шыққан “ағай, ағайлаған” дауыстары үзіліп артта қала берді.

Осы қимыл лезде өте шыққандықтан ба екен, әйтеуір балаларға тоқтамай дұрыс жасадым ба, әлде қателік еттім бе, ол жөнінен өзіме-өзім сұрау қойып, ойлағаным да жоқ.

Балалардан біраз ұзай бергенімде алдымнан кенет машина шықты. Соған жол берем дегенім сол еді, машинаның дөңгелегі тайып, жолдың шетіне бірақ шықтым. Кішкене сабыр сақтап, енді қайта жолға шығайын деп едім, машинаның артқы дөңгелегі бір орында дөңгелеп тұрып-ақ қалғаны. Тағы да жүргіздім. Бұл жолы дөңгелек ұлпа қарды тереңдей ойып батуға айналды. Енді не істеуім керек? деген ойға баттым. Осылай “ақылым алтау...” болып тұрғанымда, алыстау жерден шыққан әлгі балалардың дауысы ойымды бөліп жіберді.

Оларға көз қиығымды тастадым. Бұлар жаңа ғана отырғызбай кеткен балалар емес пе? Иә солар. Маған жақындай келе біреуі “көмек керек пе?”-деді дауыстап. Екіншісі “ой-ой, мықтап батқан екен”-деп сөйлеп қояды жанындағысына. Оларға ұялғанымнан не айтарымды білмей, машинаның ішіне кірдім де, оталдырып ақырындап алға қарай жүргізе бастадым. Балалар да ойланбастан машинаның арт жағына барып төртеуі бірдей бар күштерін салып, машинаны демеп жатыр. Көптің аты көп емес пе, бәрі бірдей күш салып итерген соң, дөңгелек батқан қардан ақырындап жылжып, жолдың шетіне шықты.

- Ура-а!-деген балалардың дауысын естіп, мен де солармен бірге қосыла айқайлап жібердім. Машинаны біраз жүргізіп барып, жолдың шетіне тоқтап, жерге түсіп, өз көмектерінің ойдағыдай шыққанына қуанышпен күліп тұрған балаларға не айтарымды білмей қатты қысылып, “неғып тұрсындар, отырындар”-дедім де үнсіз машинаға беттедім.

ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ: Қасым хан



(Басы өткен нөмірде)

Шайбани хан екеуінің арасында кикілжіңдер болып, 1509/10 жылы Шайбани хан оған қарсы аттанды, бірақ жеңіліс тапты», — деп жазады.

Қасым хан тұсындағы Қазақ

басты көрсеткіші хандық билікті нығайтуы оны мойындатуы еді. Жоғарыда келтірген "орта-ғасырлық авторлар мәліметтерінен біз осындай ойларды табамыз. Тағы бір дәлеліміз - 1513 жылдың жазында болашақ Мочулия ханы Сайд хан Қасым Ордасына келгенде ханды күтіп алуға Қасым хан Жошы ұрпағынан тараған 30-40 сұлтанды жұмсайды. Олардың ішінде 5-6-сы 50-60-тан асып кеткендер. Осыншама сұлтандардың Қасым хан төңірегіне шоғырлануы, — Қасым ханның тәрбиесі, өнегесі болса керек.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып,

мәліметтер әртүрлі жылдарды айтады. Дулати мен Хайдар Рази 1518/19 жыл десе, Гафари және басқалар 1523/24 жылды көрсетеді. Қазіргі кездегі оқулықтар мен кейбір зерттеу еңбектерінде ұлы тұлғаның қайтыс болған жылын 1518-23 жылдар аралығындағы кез-келген жылды көрсетуге. Қайтыс болған жылды анықтауда орыс деректерін зерттеген тарихшы А. Исиннің материалдары жәрдемдеседі.

1519 жылы Қазақ хандығының шекарасы Еділге дейін жетіп, Астраханмен шектеседі дедік. 1520-21 жылдың қыс айларында Астраханда Занко Зудов деген рязаньдық 3-4 ай тұтқында болады. Қазақ хандығында болып жатқан оқиғалардың бірталайын



хандығы жайындағы хабарлар Еуропа елдеріне де жетеді. 1525 жылы Москва княздығы туралы кітап жазған итальяндық әдебиетші Иовий Московияның шығысындағы көршілерді жалпы атаумен «татарлар» деп, «олардың территориясы Қытайға дейін созылып жатыр», — деп түсіндіреді. Ал 1516 және 1526 жылдары Москвада екі рет болған австриялық елші Сигизмунд Герберштейн «Волга бойындағы бұл патшалық (Қазан хандығын айтып отыр Б. К.) оңтүстікте және шығыста далалық аймақпен шектеседі. Шығыста олар шайбанилар және казактар деп аталатын татарлармен араласып тұрады», — деп баяндайды. Бұл тұңғыш рет қазақ деген халықтың еуропа халықтарына таныстырылуы, белгілі болуы еді. Мұнда әрине, Қасым ханның рөлі айрықша орын алады.

Қасым ханның тарихи рөлі жоғарыда айтылған ойлармен шектелмейді. Қасым ханның билігі тұсында бұрыннан қолданылып келе жатқан «Дешті Қыпшақ», «көшпелі өзбектер», «өзбек-қазақ» деген әртүрлі мәні бар атаулардың орнына бір ортақ этноним — «қазақ» және этносыяси термин — «Қазақстан» қолданыла бастайды.

1512-13 жылдардағы оқиғаларды баяндайтын Мұхаммед Талибтың «Матлаб ат-талибин» атты шығармаларында алғаш рет «Қазақстан» термині айтылады. Одан кейін 1537 жылғы оқиғаларға байланысты Васифидың «Бадай ал-вакай» еңбегінде де бұл термин тілге тиек болады. «Қазақ», «Қазақстан» атауларының көршілес елдерінің тарихына енуі де Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының нығайғандығына байланысты болса керек.

Қасым ханның қазақ билеушілерінің болашақ өкілдеріне қалдырған өнеге жолы — елдің саяси бірлігін ақтауы мен мемлекеттіліктің ең

